

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 669 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қаулына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі* *Б. Сағынтаев*

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін
одан әрі жетілдіру туралы**

Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында
Қ А У Л Ы **Е Т Е М І Н :**

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі:
халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
құзыреті шегінде шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және халықаралық
ұйымдармен көші-қон процестерін реттеу саласындағы ынтымақтастықты
ұйымдастыру және жүзеге асыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне
б е р і л е **о т ы р ы п ;**

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
м и н и с т р л і г і :

оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарын, шетелдік
жұмыс күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу
және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу, Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес көшіп-қонушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету,
еңбекші көшіп-қонушылар мен этникалық қазақтардың бірыңғай дерекқорын
қалыптастыру, құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны
туралы заңнамасының сақталуын бақылау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді
қоспағанда, көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты ведомствоаралық үйлестіру
және іске асыру, көші-қон процестерін мониторингтеу, талдау және болжамдау
саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ішкі істер
министрлігіне **б е р і л е** **о т ы р ы п ,** **қ а й т а** **ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетін
қ ұ р у д ы ;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша қайта
ұйымдастырылатын мемлекеттік органдар арасында штат санын қайта бөлуді;

3) ағымдағы жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасының
2017 – 2021 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасын әзірледі;

4) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің
Ә к і м ш і л і г і н е жү к т е л с і н .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев